



«Халықаралық жасыл технологиялар
және инвестициялық жобалар орталығы»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің 2020 жылғы «27»
шілдедегі №02/08 хаттама шешімімен
бекітілді

**«Халықаралық жасыл технологиялар
және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты**

Астана қ. 2020

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты		
		1-редакция	29 беттің 2-беті

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ (бұдан әрі – Қоғам) Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қоғам тәуекелдерін басқарудың корпоративтік жүйесін ұйымдастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін айқындайды.

2. Саясаттың мақсаты стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді қолдау, активтерді қорғау және Қоғамның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша басшылықпен қамтамасыз ету болып табылады.

3. Қоғамдағы тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру қызметкерлердің, менеджменттің, қоғам органдарының тәуекелдерге жылдам ден қою, негізгі және қосалқы бизнес-процестер мен күнделікті операцияларды бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ кез келген елеулі кемшіліктер туралы тиісті деңгейдегі басшылықты дереу хабардар етуді жүзеге асыру кезінде олардың тәуекелдер деңгейінің оңтайлылығы мен мақсатқа сәйкестігін дәл түсінуді қамтамасыз етуге қабілетті басқару жүйесін құруға бағытталған.

4. Ішкі бақылау жүйесі Қоғамның тәуекелдерін басқару процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Қоғамның тәуекелдерін басқару - ішкі бақылауға қарағанда анағұрлым кең процесс, ол ішкі бақылау жүйесін іске қосады және дамытады, оны тәуекелге бағытталған тиімді нысанға айналдырады.

5. Саясат «Корпоративтік тәуекелдерді басқару – интеграцияланған модель» COSO моделі негізінде Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін анықтайды, ол ұйымның мақсаттары немесе қол жеткізуге ұмтылатын мақсаттары және өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті іс-қимылдарын білдіретін ұйымның тәуекелдерді басқару процесінің компоненттері арасындағы тікелей өзара байланысты көрсетеді.

ТБ және ІБЖ мақсаттары мен компоненттерінің өзара байланысы осы Саясатқа 1-қосымшаға сәйкес куб (COSO кубы) формасында ұсынылды.

6. Саясат, сондай-ақ оған енгізілетін барлық толықтырулар мен өзгерістер Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

7. Тәуекелдерді анықтау және бағалау қағидаларының, тәуекелдерді басқару процесі модельдерінің, тәуекелдерді басқару процесін іске асыру және бақылау тәртібінің, тәуекелдерді басқару жөніндегі есептіліктің үлгілік нысандарының және тәуекелдерді басқару процесінің басқа да құрамдастарының егжей-тегжейлі сипаттамасы Қоғам Басқармасы бекітетін Қоғамның өзге ішкі құжаттарында белгіленеді.

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты		
		1-редакция	29 беттің 2-беті

8. Саясат Қоғамның корпоративтік басқаруының бір бөлігі бола отырып, барлық қызмет түрлеріне қолданылады және барлық қызметкерлердің орындауы үшін міндетті.

9. Қызметкерлердің Саясатты сақтамауы қолданыстағы заңнамаға және ІНҚ-ға сәйкес тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғады

(10-тармақтың 11) тармақшасына 2025 жылғы 17 қыркүйектегі Директорлар кеңесі шешімінің 4-тармағына сәйкес өзгерістер енгізілді (№ 02-02/7 хаттама)

10. Саясатта төмендегі негізгі ұғымдар, терминдер мен қысқартулар қолданылады:

1) процестік тәуекелдің иесі - бизнес-процестің иесі;
2) тәуекел иесі (тәуекелдің меншік иесі) - белгілі бір тәуекелді басқарудың барлық аспектілеріне, атап айтқанда, тәуекелді іске асыру ықтималдығын азайтуға және/немесе тәуекелді іске асырудан болатын салдардың Қоғамға ықтимал әсерін азайтуға жауапты тұлға (қызметкер/құрылымдық бөлімше);

3) ІНҚ - Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары;

4) ішкі бақылау (бұдан әрі – ІБ) - Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасы, қызметкерлер өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын, үш түйінді салада: операциялық қызмет, қаржылық есептілікті дайындау және заңнамалық және нормативтік талаптарды сақтау мақсаттарына қол жеткізуге ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге арналған процесс;

5) мүдделі тұлғалар - Қоғам қызметіне белгілі бір дәрежеде мүдделі жеке немесе заңды тұлғалар: акционерлер, инвесторлар, серіктестер, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, мемлекеттік органдар, жұртшылық және басқалар;

6) тәуекелдер картасы - тік осі бойынша тәуекел залалының мөлшері көрсетілген, ал көлденең осі бойынша оның туындау ықтималдығы немесе жиілігі көрсетілген тікбұрышты кестеде тәуекелдерді бөлуді қамтитын біріктірілген негіздегі Қоғам тәуекелдерінің графикалық бейнесі;

7) НТК – Қоғам қызметіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекел-факторлардың өзгеру үрдістері және тәуекелдерді іске асыру мүмкіндігі туралы белгі беретін түйінді тәуекел көрсеткіші;

8) «Қорғаудың үш желісі» моделі – тәуекелдерді тиімді басқару және ІБ үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің басшылығымен рөлдер мен міндеттерді үш жеке топ (қорғау желілері): бизнес-функциялары (Қоғамның әрбір ҚБ), тәуекелдер мониторингі және бақылау функциясы (жауапты бөлімше), тәуекелдерді басқару тиімділігін тәуелсіз бағалау функциясы және ІБ (ІАҚ) арасында бөлу қажет екендігіне негізделген ТБЖ ұйымдастыру тәсілі;

9) НҚА-Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері;

10) тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейі – қойылған мақсаттарға қол жеткізген кезде Қоғам қабылдауға дайын тәуекелдің және/немесе залалдың қолайлы мөлшері;

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты		
		1-редакция	29 беттің 2-беті

11) Жауапты бөлімше - ТБЖ процестерін үйлестіруге жалпы жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесі;

12) Қызметкер - Қоғаммен еңбек қатынастары бар және/немесе болған және еңбек шарты бойынша Қоғаммен жұмысты тікелей орындайтын (орындаған) адам;

13) тәуекелдер тіркелімі – анықталған тәуекелдер туралы ақпаратты қамтитын біріктірілген негізде Қоғамның сәйкестендірілген тәуекелдерінің құрылымдалған тізбесі;

14) тәуекел - стратегиялық және бизнес мақсаттарға қол жеткізуге әсер етуі мүмкін оқиғалардың пайда болу ықтималдығы;

15) тәуекелдерді үйлестіруші – міндеттеріне өзінің құрылымдық бөлімшесінде тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмысты үйлестіру кіретін қызметкер;

16) Қоғам басшылары - Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелері, Қоғам Басқармасының мүшелері болып табылмайтын басқарушы қызметкерлер;

17) ішкі бақылау жүйесі (бұдан әрі - ІБЖ) – Қоғамның стратегиялық мақсаттар мен көрсеткіштерге қол жеткізу үшін елеулі тәуекелдерге тиісті түрде ден қоюға мүмкіндік беретін, тиімді және ұтымды қызметке ықпал ететін процестердің, рәсімдердің, мінез-құлық нормалары мен іс-қимылдардың жиынтығы;

18) тәуекелдерді басқару жүйесі (бұдан әрі – ТБЖ) – Қоғамның барлық деңгейлерінде тәуекелдерді басқару процесінің ұйымдастырылуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қағидаттар, әдістер мен рәсімдердің жиынтығы;

19) оқиға - қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін, ұйымға қатысты ішкі немесе сыртқы көзі бар оқиға немесе инцидент;

20) ІАҚ - Қоғамның ішкі аудит қызметі;

21) ҚБ - Қоғамның құрылымдық бөлімшесі;

22) тәуекелдерді басқару (тәуекел-менеджмент) — Қоғам құндылықты құруға, сақтауға және іске асыруға сүйенетін стратегияны анықтау және тиімділікті басқару процесімен біріктірілген мәдениет, құзыреттер мен тәжірибелер;

23) төзімділік деңгейі - тәуекелді іске асыру салдарынан нақты мақсатқа қол жеткізуге қатысты ауытқудың қолайлы деңгейі;

24) тәуекел факторы (тәуекел-фактор) – это тәуекелді іске асыруға әкелетін тәуекел себептері көрінетін жағдайлар, ахуалдар, мән-жайлар:

сыртқы тәуекел-факторлар – Қоғамның операциялық қызметінен тыс туындайтын және Қоғамның қызметіне байланысты емес тәуекел факторлары;

ішкі тәуекел факторлары – Қоғамның ішкі процестеріне, ұйымдық құрылымына, адами ресурстарына, активтеріне байланысты және Қоғамның операциялық қызметі шеңберінде туындайтын тәуекел факторлары;

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты		
		1-редакция	29 беттің 2-беті

25) COSO - «Ұйымның тәуекелдерін басқару: стратегия мен қызметтің тиімділігімен интеграция» Тредвей комиссиясы Демеушілік ұйымдар комитетінің халықаралық стандарты (COSO ERM 2017).

2. Корпоративтік тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мақсаттары

11. ТБЖ және ІБ (бұдан әрі-ТБЖ және ІБ) Қоғамның өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған және төмендегілерді қамтамасыз ету үшін ұйымдастыру саясаттарының, рәсімдердің, мінез-құлық нормалары мен іс-қимылдардың, Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы құратын басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығын білдіреді:

1) Қоғамның құнының өсуі, кірістілігі және олармен бірге жүретін тәуекелдер арасындағы оңтайлы тепе-теңдік;

2) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігі және қаржылық тұрақтылығына қол жеткізу;

3) Қоғам активтерін сақтау және ресурстарын тиімді пайдалану;

4) қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығы, сенімділігі және дұрыстығы;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;

6) сыбайлас жемқорлықты, алаяқтықты, оның ішінде ақшаны жылыстатуды және терроризмді қаржыландыруды болдырмауға және негізгі және қосалқы бизнес-процестердің жұмыс істеуіне тиімді қолдауды қамтамасыз етуге, қызмет нәтижелерін талдауға арналған тиісті ІБ.

12. COSO ережелеріне сәйкес, ТБЖ төмендегі мақсаттарға қол жеткізу үшін ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге арналған:

1) стратегиялық мақсаттар;

2) операциялық мақсаттар - ресурстарды тиімді және нәтижелі пайдалану, активтердің сақталуы;

3) сенімді есептілікті дайындау саласындағы мақсаттар;

4) қолданыстағы заңнаманы және ішкі талаптарды сақтау саласындағы мақсаттар.

13. ІБЖ, COSO ережелеріне сәйкес, мақсаттардың төмендегі санаттарын көздейді:

1) операциялық және қаржылық қызметтің мақсаттарын, сондай-ақ активтерді шығындардан қорғауды қоса алғанда, Қоғамның бизнес-процестерінің тиімділігі мен нәтижелілігіне қатысты операциялық мақсаттар;

2) сенімділікті, уақтылықты, ашықтықты немесе реттеушілер белгілеген басқа да шарттарды қамтитын ішкі және сыртқы қаржылық және қаржылық емес есептілік жататын есептіліктің мақсаттары;

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты		
		1-редакция	29 беттің 2-беті

3) НҚА мен ІНҚ сақтауға жататын сәйкестік мақсаттары.

14. Егер ТБЖ мен ІБ компоненттерінің бар болуына және жұмыс істеуіне немесе оны тиісті қолдау қағидаттарына немесе біріктірілген режимде бірге жұмыс істейтін ТБЖ мен ІБ компоненттеріне қатысты маңызды кемшілік болса, Қоғам ТБЖ мен ІБ тиімді талаптарын орындағаны туралы тұжырым жасай алмайды.

15. Ұйымның тәуекелдерін басқару - бір компоненті екіншісіне әсер ететін желілік процесс емес. Ол көп бағытты, циклдық процесс болып табылады, онда барлық компоненттер дерлік өзара іс-қимыл жасап, бір-біріне әсер ете алады.

3. ТБЖ және ІБ компоненттері мен қағидаттары

16. Қоғамдағы ТБЖ және ІБ тәуекелдерді басқару процесінің бес компоненті арасындағы тікелей өзара байланысты ескере отырып, әрқайсысы төмендегі қағидаттарға негізделген:

1) ұйымның миссиясын, пайымын, құндылығын анықтау кезеңіндегі «Басқару және мәдениет» компоненті бойынша:

Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару және ІБ қадағалау функциясын жүзеге асыруы;

операциялық құрылымдарды құру;

қажетті мәдениетті анықтау;

негізгі құндылықтарға бейілділігін көрсету; білікті мамандарды тарту, дамыту және тұрақтату;

2) стратегияны әзірлеу кезеңіндегі «Стратегия және мақсат қою» компоненті бойынша:

қызметті жүргізу шарттарын талдау;

тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейін анықтау;

балама стратегияларды бағалау;

бизнес мақсаттарды тұжырымдау;

3) бизнес-мақсаттарды тұжырымдау кезеңіндегі «Қызмет тиімділігі» компоненті бойынша:

тәуекелдерді анықтау;

тәуекелдердің маңыздылығын бағалау;

тәуекелдердің басымдылық беру;

тәуекелдерге жауап қату;

тәуекелдерге кешенді көзқарас;

4) стратегияны енгізу және қызмет тиімділігін бағалау кезеңінде «Мониторинг және өзгерістер енгізу» компоненті бойынша:

маңызды өзгерістерді бағалау;

тәуекелдерді талдау және қызметтің тиімділігі (факторлық талдау);

тәуекелдерді басқару тиімділігін арттыру;

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты		
		1-редакция	29 беттің 2-беті

5) Қоғам құнының өсуіне ықпал ете отырып, «Ақпарат, коммуникация және есептілік» компоненті бойынша:

ақпаратты және технологияларды пайдалану;
тәуекелдер туралы ақпарат тарату;
тәуекелдер, корпоративтік мәдениет және Қоғам қызметінің тиімділігі туралы есеп беру.

§ 1. Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауды қадағалау функциясын жүзеге асыруы

17. Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару мен ІБ қадағалау функциясын ТБЖ мен ІБ тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау арқылы мынадай функцияларды орындау арқылы жүзеге асырады:

1) Қоғамның (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) мақсатын анықтау;
2) саясат шеңберінде: ТБЖ ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін, ІБ ұйымдастыруға және бақылау рәсімдерін жүргізуге қойылатын талаптарды бекіту, ТБЖ мен ІБ қатысушыларының рөлдерін бөлу;

3) негізгі тәуекелдерге қатысты тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейін, төзімділік деңгейлерін, тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдер картасын, НТК, тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарын, ТБЖ және ІБ жетілдіру жөніндегі жұмыс жоспарларын және оларды іске асыру туралы есептілікті, Қоғамның тәуекелдерін басқару жөніндегі есептерді бекіту;

4) шешім қабылдау кезінде ілеспе тәуекелдерді ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді қарау;

5) қолданыстағы ТБЖ мен ІБ-нің оларды ұйымдастыру және тиімді жұмыс істету бойынша белгілі бір қағидаттар мен тәсілдерге сәйкестігі жөніндегі шараларды қабылдау, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, ТБЖ мен ІБ тиімділігін бағалау бойынша, оларды жақсарту бойынша сыртқы аудиторлардың қорытындыларын талдау бойынша ТБЖ есептерін қарау.

(18-тармақтың 1 абзацына өзгерістер енгізілді 17 қыркүйектегі Директорлар кеңесі шешімінің 4-тармағына сәйкес өзгерістер енгізілді (№ 02-02/7 хаттама))

18. Аудит комитеті ТБЖ мен ІБ сенімділігі мен тиімділігін бақылау мәселелері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне мынадай функцияларды орындау арқылы жәрдемдеседі::

1) Саясатты қарау және алдын ала мақұлдау;
2) тәуекелдерді басқарудың жаңа тәсілдері және олардың Қоғамға қолданылуы бойынша ұсынымдарды қарау және беру;

3) Директорлар кеңесінің бекітуіне шығару үшін Қоғамның тәуекелдерін және тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралардың тиімділігін қарау;

4) Директорлар кеңесінің бекітуіне шығару үшін тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейін, негізгі тәуекелдерге қатысты төзімділік деңгейлерін, тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдер картасын, НТК, тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты		
		1-редакция	29 беттің 2-беті

шаралар жоспарын, ТБЖ мен ІБ жетілдіру жөніндегі жұмыс жоспарларын және оларды іске асыру туралы есептілікті, Қоғамның тәуекелдерін басқару жөніндегі есептерді қарау және келісу;

5) Қоғамның Директорлар кеңесіне оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау мақсатында ТБЖ мен ІБ-ны бағалау;

6) ТБЖ мен ІБ-ны жетілдіру бойынша жұмыс жоспарларын, сонымен қатар олардың іске асырылуы туралы есептерді қарау;

7) ТБЖ және ІБ бағалау үшін тәуелсіз сарапшыларды тарту туралы Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыныстар беру;

8) Директорлар кеңесіне және Қоғам басқармасына ТБЖ және ІБ байланысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар беру;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның ІНҚ немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес өзге де мәселелер.

§ 2. Операциялық құрылымдарды құру

(19-тармақтың 3-тармақшасына 17 қыркүйектегі Директорлар кеңесі шешімінің 4-тармағына сәйкес өзгерістер енгізілді (№ 02-02/7 хаттама))

19. Қоғамның Басқармасы ТБЖ және ІБ құруды және тиімділігін қолдауды мынадай функцияларды орындау арқылы қамтамасыз етеді:

1) ІБ және Қоғамдағы тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлеу және тәуекелдерді төмендету бойынша тиісті шаралар қабылдау, сондай-ақ ІНҚ-ға сәйкес тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерді уақтылы дайындауды қамтамасыз ету;

2) Саясатты іске асыру, ІНҚ әзірлеу және енгізу, сыртқы және ішкі ортадағы өзгерістерді ескере отырып, оларды өзектілендіру Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын тәуекелдерді басқару саласындағы барлық бекітілген ІНҚ және ІБ туралы Қоғамның Директорлар кеңесіне ақпарат беру;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін, Тәуекелдерді басқару және ІБ саласындағы аудит жөніндегі комитеттің ұсынымдарын орындау;

4) Қоғамның қажеттіліктеріне жауап беретін және тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ететін ұйымдық құрылымды бекіту;

5) Қоғам басшылары және (немесе) бизнес-процестердің иелері болып табылатын ҚБ басшылары арасында тәуекелдерді және ІБ-ны басқарудың нақты рәсімдері үшін өкілеттіктерді, міндеттерді және жауапкершілікті бөлу;

6) тиісті біліктілігі мен тәжірибесі бар қызметкерлердің тәуекелдерді басқару және ІБ рәсімдерін енгізуі бойынша шаралар қабылдау;

7) ТБЖ мен ІБ-ны Қоғамның барлық бизнес-процестерімен біріктіру жөнінде шаралар қабылдау, оның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей, әртүрлі бағыттар бойынша қызмет нәтижелері туралы есептер шеңберінде және Қоғам Басқармасының құзыретіне кіретін мәселелерді қарау шеңберінде тәуекелдер туралы ақпаратты қарау және талқылау;

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты		
		1-редакция	29 беттің 2-беті

8) барлық түйінді салаларда/тәуекел салаларында тиісті ІБ-ны қамтамасыз ету үшін міндеттерді тиісінше бөлу тұрғысында тұрақты негізде бағалау жүргізу;

9) Директорлар кеңесінің бекітуіне шығару үшін тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейін, негізгі тәуекелдерге қатысты төзімділік деңгейлерін, тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдер картасын, НТК, тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарын, ТБЖ мен ІБ жетілдіру жөніндегі жұмыс жоспарларын және оларды іске асыру туралы есептілікті, Қоғамның тәуекелдерін басқару жөніндегі есептерді қарау және келісу;

10) ТБЖ мен ІБ-ны жетілдіру бойынша жұмыс жоспарларын, сонымен қатар олардың іске асырылуы туралы есептерді қарау;

11) Қоғамның лимиттері бойынша мәселелерді және тәуекелдерді басқару жөніндегі ІНҚ және ІБ сәйкес өзге де мәселелерді қарау;

12) бұзушылықтар болған жағдайда (ақпараттық технологиялар саласындағы үздіксіздік жоспарын қоса алғанда) инциденттерді басқару, қызметті белгіленген деңгейге дейін қалпына келтіру және қолдау тәсілдерін регламенттейтін қызметтің үздіксіздігі жоспарларын әзірлеу;

13) ТБЖ және ІБ мониторингін, оның ішінде тәуекелдерді басқару және ІБ саласында ІНҚ сақтау, тәуекелге жалпы тәбет деңгейін және төзімділікті сақтау мониторингін жүргізу, бақылау рәсімдері мониторингінің нәтижелерін қарау және өз құзыреті шеңберінде тиісті шаралар қабылдау;

14) Қоғамның Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару жөніндегі есептер шеңберінде ІБ тиімділігі мен толықтығы туралы өтініш беру.

20. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы өз функцияларын орындау кезінде «Қорғаудың үш желісі» моделін негізге алады.

(21-тармақтың 4) тармақшасына 17 қыркүйектегі Директорлар кеңесі шешімінің 4-тармағына сәйкес өзгерістер енгізілді (№ 02-02/7 хаттама)

21. Қорғаудың бірінші желісін ҚБ атынан әрбір қызметкер өз құзыреті шегінде ұсынады. Қызметкерлер (тәуекел иелері) лауазымдық міндеттерін орындау кезінде өз құзыреті шеңберінде тәуекелдерді тікелей басқарады және бақылау рәсімдерін орындайды, оның ішінде:

1) тәуекелдерді сәйкестендіреді және бағалайды, тәуекелдерге ден қою стратегияларын, тәуекелдерге ден қою жөніндегі нақты шараларды ұсынады және іске асырады, қажет болған жағдайда жетекшілік ететін қызмет шеңберінде тұрақты негізде ТБЖ жетілдіру жолдарын ұсынады;

2) өздеріне сеніп тапсырылған бизнес-процестерді регламенттейтін саясатты, қағидалар мен рәсімдерді әзірлейді және өзектендіреді;

3) бақылаудың дизайнын анықтайды (құжаттайды, жетілдіреді) және бақылау рәсімдерін орындайды, сеніп тапсырылған бизнес-процестер шеңберінде тұрақты негізде тәуекелдер мен бақылаулар матрицаларын әзірлейді;

4) өз құзыреті шегінде оның барлық компоненттері бойынша тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейін сақтайды;

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты		
		1-редакция	29 беттің 2-беті

5) іске асырылған және әлеуетті тәуекелдерді есепке алу және талдау бойынша ІНҚ-ға сәйкес іске асырылған және әлеуетті тәуекелдер базасын толтырады;

6) өз функцияларын орындауға байланысты тәуекелдерге елеулі әсер етуі мүмкін сыртқы және ішкі факторларды қадағалайды;

7) мүдделі тұлғаларға тәуекелдер туралы уақтылы және толық ақпарат ұсынады, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, жауапты бөлімшеге тоқсан сайынғы негізде толеранттылық деңгейін тұрақты мониторингтеу, НТК, толеранттылық деңгейін айқындау, тәуекелдер тіркелімі мен картасын, тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарын, тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерді қалыптастыру мақсатында ақпарат береді, сондай-ақ тәуекел бейініндегі өзгерістер туралы мәліметтерді (бұдан басқа, НТК шекті мәнінен асып кету немесе жақындау туралы деректерді қоса алғанда), жаңа тәуекелдер және жаңа тәуекел немесе тәуекелдің өзгеруі анықталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ден қою жөніндегі шаралар туралы ұсыныстарды жібереді.

22. Әрбір ҚБ-да іске асырылған және ықтимал тәуекелдерді есепке алу және талдау бойынша қызметі ІНҚ-мен реттелетін тәуекел-үйлестіруші тағайындалады.

(23-тармаққа өзгерістер енгізілді, сондай-ақ ол 2025 жылғы 17 қыркүйектегі Директорлар кеңесінің шешімінің 4-тармағына (№ 02-02/7 хаттама) сәйкес 23-1-тармақпен толықтырылды)

23. Қоғамдағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің (қорғаныстың екінші желісі) жұмыс істеуіне жауапты құрылымдық бөлімшенің немесе уәкілетті тұлғаның болуын көздейді, оның міндеттеріне мыналар жатады:

1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерін жалпы үйлестіру;
2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы әдістемелік құжаттарды әзірлеу, тәуекелдерді айқындау, құжаттандыру, бақылау рәсімдерін енгізу, мониторинг жүргізу және жетілдіру, тәуекелдерге ден қою іс-шараларының жоспарларын және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жоспарларын қалыптастыру, сондай-ақ олардың орындалуы бойынша есептер жасау барысында бизнес-процестердің иелеріне және қызметкерлерге әдістемелік қолдау көрсету;

3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында қызметкерлерді оқытуды ұйымдастыру;

4) тәуекелдер портфелін талдау және тиісті тәуекелдерді басқаруға қатысты ден қою стратегиялары мен ресурстарды қайта бөлу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

5) тәуекелдер бойынша жиынтық есептілікті қалыптастыру, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарда көзделген мәселелер бойынша Директорлар кеңесі мен Басқарманы хабардар ету;

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты		
		1-редакция	29 беттің 2-беті

6) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша іс-шараларды жүргізу.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функциясын қадағалайтын басшы тәуекел иесі болып табылмайды, бұл оның тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функцияларын экономикалық жоспарлау, корпоративтік қаржыландыру, қазынашылық, инвестициялық қызмет, ішкі аудит функцияларымен қоса атқаруға жол берілмейді. Басқа функциялармен қоса атқару тек елеулі мүдделер қақтығысы туындамаған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

23-1. Ішкі бақылауды жүзеге асыру және ішкі бақылау ортасының жұмыс істеуін қамтамасыз ету, қоғамда ІБ және бақылау рәсімдерін басқарудың тиімді практикасын енгізуді, әрбір құрылымдық бөлімшенің қызметі шеңберінде НҚА мен ІНҚ сақтауды оның басшысы жүзеге асырады.

(24-тармақ 17 қыркүйектегі Директорлар кеңесі шешімінің 4-тармағына сәйкес өзгерістер енгізілді (№ 02-02/7 хаттама))

24. Жауапты бөлімше және ҚБ басшылары (ІБ бөлігінде) Қоғамның тәуекелдердің ағымдағы жай-күйі, қолданылатын ден қою шаралары, бақылау ортасындағы өзгерістер, тәуекелдерді басқару процесіндегі елеулі ауытқулар және ІБ, ТБЖ мен ІБ жетілдіру бойынша іске асырылатын шаралар және ІБ тәуекелдерін басқарудың өзге де мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне, Аудит комитетіне және Басқармаға ақпарат беруге жауапты болады.

25. Жауапты бөлімшеге функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті барлық ақпарат, Қоғамның құжаттары қол жетімді болуы тиіс.

(26-тармақ 17 қыркүйектегі Директорлар кеңесі шешімінің 4-тармағына сәйкес өзгерістер енгізілді (№ 02-02/7 хаттама))

26. Үшінші қорғау желісін (тәуелсіз кепілдік) ІАҚ ұсынады, ол тиімділікке тәуелсіз бағалау жүргізеді және ТБЖ мен ІБ жетілдіруге жәрдемдеседі, Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетке және Қоғамның Директорлар кеңесіне қолдау көрсетеді, оларға ТБЖ мен ІБ тиімділігін тәуелсіз бағалауды ұсынады.

§ 3. Қалаған мәдениетті анықтау

27. Тәуекелдерді басқару мәдениеті (тәуекел мәдениеті) – барлық лауазымды адамдар мен қызметкерлер өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде бөлісетін және қолданатын тәуекелдерді басқару саласындағы нанымдар, түсініктер мен білімдер және тәуекел-менеджменттің негізі болып табылады.

Тәуекел мәдениеті Қоғамның корпоративтік мәдениетінің бір бөлігі болып табылады. Тәуекел мәдениетінің деңгейі стратегияны әзірлеген сәттен бастап оны іске асыру мен тиімділік мониторингіне дейін тәуекелдердің қалай анықталатынын, бағаланатынын және басқарылатынын айқындайды.

28. Тәуекел мәдениеті төрт қағидатқа негізделеді:

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты		
		1-редакция	29 беттің 2-беті

1) жоғары деңгейдегі екпін (жоғарыдағы екпін): Директорлар кеңесі, Басқарма және Қоғам басшылары жоғарыдан екпін береді және шешім қабылдау кезінде шешім қабылдауға да, қабылдамауға да байланысты ұзақ мерзімді құн, пайдалылық және тәуекелдер арасындағы оңтайлы теңгеріміне сүйенеді, Қоғам басшылары бағыныштыларда тәуекелге бағдарланған мінез-құлықты көтермелейді.

2) корпоративтік басқару: Қоғамның қызметі қызметкерлердің саясат пен ІНҚ міндетті болып табылатындығын түсінуін қамтамасыз ететін осындай бақылау ортасын құруға бағытталған. Барлық лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер өздерінің жауапкершілік аймағы мен тәуекелдерді басқару және ІБ өкілеттіктерін нақты түсінеді. Тәуекел иелері өз құзыреті шеңберінде тәуекелдерді түсінеді, оларды басқарады және ІНҚ сәйкес тәуекелдер туралы тиісті түрде хабардар етеді.

3) шешім қабылдау: ішкі орта коммуникациялардың ашықтығымен және тәуекелдер туралы ақпараттың ашықтығымен сипатталады, бұл қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары арасындағы ілеспе тәуекелдер мен әлеуетті мүмкіндіктерді ашық және сындарлы талқылауға ықпал етеді және сыртқы сын-қатерлерге жауап ретінде тиімді шешімдерді бірлесіп қабылдауға мүмкіндік береді.

Барлық деңгейлердегі сыйақы жүйесі басқарушылық шешімдер қабылдау процесінде олардың тәуекелге дұрыс көзқарасын қалыптастыруда Қоғам басшылығы мен жұмыскерлерге қаржылық және қаржылық емес ынталандыруларды пайдаланады. Тәуекел мәдениеті дамыған кезде қабылданатын шешімдер тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейімен нақты анықталады.

4) құзыреттілік: жауапты бөлімше қорғаныстың екінші желісінің рөлін тиімді орындайды, осылайша басшылықтың Қоғам мақсаттарына қол жеткізуге деген сенімін арттырады. Жауапты бөлімше Қоғамда тәуекел-мәдениетті тұрақты дамыту бағытын, оның ішінде жаңадан қабылданған қызметкерлер үшін бейімделу курсының тетіктерін пайдалана отырып, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін лауазымға енгізу шеңберінде тәуекелдер бойынша құжаттарды ұсынуды қолдайды. Жауапты бөлімше қажет болған жағдайда қызметкерлер арасында тәуекелдер бойынша жасырын сауалнама жүргізе алады.

29. ТБЖ және ІБ тиімділігін бағалау жөніндегі құжаттар, анонимдік сауалнамалар және басқалары Қоғамның басқармасы мен Директорлар кеңесі үшін тәуекел мәдениетінің деңгейі туралы ақпарат көзі бола алады.

§ 4. Негізгі құндылықтарды ұстануды көрсету

30. Қоғамның құндылықтарды ұстануы ТБЖ және ІБ тиімді жұмыс істеуі үшін негіз болып табылады.

Қоғамда мінез-құлық құндылықтары, негізгі қағидаттары мен стандарттары айқындалған, оларды басшылыққа ала отырып қызметкерлер мен

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты		
		1-редакция	29 беттің 2-беті

лауазымды адамдар бірлесіп мүдделі тараптардың мүдделерін қорғауды және сенімін қамтамасыз ете алады, бұл түптеп келгенде Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін болады.

§ 5. Білікті персоналды тарту, дамыту және тұрақтату

31. Қоғамның басшылары Қоғамның Директорлар кеңесі тарапынан қадағалау кезінде Қоғамның мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті адами ресурстарға қажеттілікті айқындайды. Қоғамда дағдарыстық жағдайлар туындаған кезде міндеттерді бөлу жоспарлары, негізгі персонал үшін сабақтастық жоспарлары әзірленуі тиіс.

Адам ресурстарын басқару саласындағы ІНҚ білікті қызметкерлерді тарту, дамыту және тұрақтату негізін анықтайды.

§ 6. Қызметті жүргізу шарттарын талдау

32. Қоғам миссиясын, пайымын және құндылықтарын қолдау үшін Қоғамның даму стратегиясын әзірлеу процесінде сыртқы және ішкі ортаны ескереді.

Сыртқы ортаға саяси, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық, құқықтық, экологиялық факторлар кіреді. Қоғамның сыртқы ортамен (бизнес құрылымдар, әлеуметтік, реттеуші, басқа да мемлекеттік органдар) өзара іс-қимылы ішкі ортада өз көрінісін табады және оның қалыптасуына әсер етеді.

§ 7. Тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейін анықтау

33. Тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейі стратегиялық жоспарлау процесімен қатар қалыптасады. Қоғамның Даму стратегиясы бекітілгеннен/қайта қаралғаннан кейін үш ай ішінде жауапты бөлімше тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейін Қоғамның Директорлар кеңесінің бекітуіне шығару жөнінде шаралар қабылдайды. Тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейі миссияны, пайымды және стратегиялық мақсаттарды ескереді, Қоғам активтерінің құнын құру, сақтау және іске асыру тұрғысында инвестициялық, қаржылық және операциялық қызметке қатысты айқындалады.

34. Жыл сайын 31 желтоқсанға дейін жауапты бөлімше ішкі немесе сыртқы ортада елеулі өзгерістер, сондай-ақ ішкі немесе сыртқы ортада жыл ішінде елеулі өзгерістер анықталған жағдайда, тәуекелге жалпы тәбет деңгейінің өзектілігіне және оның нәтижелері бойынша талдау жүргізеді, олар анықталған күннен бастап үш ай ішінде тәуекелге жалпы тәбет деңгейін қайта қарау туралы мәселеге бастамашылық жасайды.

35. Тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейі Қоғамның даму стратегиясының қолданылу кезеңінде сапалық және сандық көрсеткіштер түрінде белгіленеді.

Тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейінің көрсеткіштері жылдық мәндерді және (немесе) неғұрлым ұзақ мерзімді көрсеткіштерді қабылдауы мүмкін.

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты		
		1-редакция	29 беттің 2-беті

Тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейін қалыптастыру кезінде міндетті түрде тәуекел бейіні есепке алынады және ысыраптардың Қоғамның қаржылық (қаржылық емес) нәтижелеріне әсері талданады.

36. Тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейі Қоғамның барлық деңгейлерінде шешім қабылдау процесіне біріктірілген. Тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейі, төзімділік деңгейі және тәуекелдер бойынша лимиттер өзара байланысты және олардың сақталуы тұрғысынан үнемі қадағаланып отырады.

Тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейін сақтау жұмысшылар үшін транзакцияларды жүргізу, мәмілелерді бастау, жобаларды талдау және басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде Қоғамның лауазымды тұлғалары үшін міндетті болып табылады.

§ 8. Балама стратегияларды бағалау

37. Стратегияны таңдау кезінде Қоғам тәуекелдің бейінін және тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейін ескереді, сондай-ақ тәуекелдердің баламалы стратегияларын және баламалардың әрқайсысының мүмкіндіктерін талдайды.

Тәуекел профилін түсіну тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейінде қалып, стратегияны іске асыру үшін ресурстарға қажеттілікті анықтауға мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді басқару стратегияны екі жағынан бағалауды қамтиды:

1) стратегия Қоғамның миссиясына, пайымы мен құндылықтарына сәйкес келмеуі ықтималдығы;

2) таңдалған стратегияны іске асырудың салдары.

Егер белгілі бір стратегиямен байланысты тәуекел тәуекелге тәбеттің белгіленген жалпы деңгейінен асып кетсе, балама стратегияны таңдау немесе осы деңгейді қайта қарау қажет.

§ 9. Бизнес мақсаттарын қалыптастыру

38. Қоғам өзінің даму стратегиясын әзірлеу кезінде бизнес-мақсаттарды қалыптастырады.

Мақсат қою кезінде Қоғам агрессивті мақсат үлкен тәуекелге әкелуі мүмкін екенін ескереді. Осыған байланысты, мақсат қою кезінде Қоғам тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейін ескереді.

39. Тиімді мониторингті жүзеге асыру және тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейін арттыруға жол бермеу мақсатында тәуекелдерді іске асыру салдарынан кейбір бизнес-мақсаттардан қолайлы ауытқуды көрсететін төзімділік деңгейі белгіленеді.

Төзімділік деңгейі тоқсан сайын мониторингке жатады және сыртқы және ішкі ортада өзгерістер болған жағдайда қайта қаралуы мүмкін.

§ 10. Тәуекелдерді анықтау (сәйкестендіру)

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты		
		1-редакция	29 беттің 2-беті

40. Тәуекелдерді сәйкестендіру Қоғам шығындарын оңтайландыру әдісі ретінде маңызды, өйткені тәуекелдерді алдын-ала анықтау, оларды оңтайландыру және салдарын жою үшін тиісті шараларды анықтау осындай шараларды қаржыландыру көздері мен көлемін жоспарлауға мүмкіндік береді, нәтижесінде бұл Қоғам қызметінің тиімділігіне әсер етеді.

41. Тәуекелдер тәуекелдерді түгендеу барысында да (жыл сайын тәуекелдер тіркелімін дайындау шеңберінде, тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерді дайындау шеңберінде тоқсан сайын), сол сияқты ағымдағы қызмет барысында да анықталады.

Бұрын тәуекелдер тіркеліміне енгізілмеген елеулі Тәуекел анықталған кезде, тәуекел иесі бұл туралы алынған ақпаратты талдайтын жауапты бөлімшені хабардар етуге тиіс және қажет болған жағдайда тәуекелдер тіркеліміне жаңа тәуекелді қосады.

(42-тармақтың 17 қыркүйектегі Директорлар кеңесі шешімінің 4-тармағына сәйкес өзгерістер енгізілді (№ 02-02/7 хаттама))

42. Тәуекелдерді анықтау үшін қызметкерлер төмендегі әдістер мен құралдарды қолдана алады:

1) қойылған мақсаттарға, міндеттерге, қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдерді сәйкестендіру;

2) салалық ерекшелік немесе функционалдық қызмет бойынша Қоғамға ұқсас ұйымдарға тән әлеуетті оқиғаларды анықтау тұрғысынан салалық және халықаралық салыстырулар жүргізу;

